44. Tsai TY, Huang IH, Chao YC, Li H, Hsieh TS, Wang HH, Huang YT, Chen CY, Cheng YC, Kuo PH, Huang YC, Tu YK. Treating toxic epidermal necrolysis with systemic immunomodulating therapies: A systematic review and network meta-analysis. *J Am Acad Dermatol.* 2021 Feb;84(2):390-397. doi: 10.1016/j.jaad.2020.08.122. Epub 2020 Sep 6. PMID: 32898587.

45. Zhang S, Tang S, Li S, Pan Y, Ding Y. Biologic TNF-alpha inhibitors in the treatment of Stevens-Johnson syndrome and toxic epidermal necrolysis: a systemic review. *J Dermatolog Treat.* 2020 Feb;31(1):66-73. doi: 10.1080/09546634.2019.1577548. Epub 2019 Feb 19. PMID: 30702955.

Д.Д. Дубчева<sup>1\*</sup>, М.Б. Турлыбек<sup>1</sup>, У.Т. Бейсебаева<sup>1</sup>, А.Б. Хабижанов<sup>1</sup>, А.А. Таубаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>"С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" Коммерциялық емес Акционерлік Қоғамы, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>«Қазақ Дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК, Алматы қ., Қазақстан

*\*Хат алысатын автор: Д.Д. Дубчева – "С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті" Коммерциялық емес Акционерлік Қоғамы, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: dianadd99@mail.ru*

**Мүдделер қақтығысы:** Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді

**Авторлардың үлесі:** Барлық авторлар осы мақаланы жазуға тең дәрежеде қатысты. Бұл материал басқа басылымдарда жариялану үшін бұрын мәлімделмеген және басқа басылымдардың қарауына ұсынылмаған

**Қаржыландыру:** көрсетілмеген

## КӨПІРШКІ ДЕРМАТОЗДАРДЫҢ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КРИТЕРИЙЛЕРІ: ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

### Аннотация

Бұл мақалада бірдей бастапқы морфологиялық элемент – көпіршік арқылы көрінетін дерматоздардың негізгі диагностикалық критерийлері берілген. Халықаралық және ұлттық ұсыныстарды ескере отырып, негізгі этиологиялық факторлар, клиникалық көріністер және диагностика мен емдеудің заманауи тәсілдері қарастырылады. Клиникалық мысалдар мен өзекті әдебиет көздеріне сілтемелер келтірілген.

Ондаған дерматоздардың негізгі белгісі болып табылатын бір ғана морфологиялық элементтің болуы дифференциалды диагностика алгоритмін іске қосады. Оны жүзеге асыру кезінде көпіршіктің орналасу деңгейін, қабыну реакциясының сипатын, шырышты қабаттардың қатысуын және ауру ағымының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін клиникалық және зертханалық белгілердің жиынтығын ескеру қажет. Өйткені, клиникалық көріністерінің ұқсастығына қарамастан, бұл аурулар әртүрлі патогенезге ие, сол үшін патогенетикалық терапияны тағайындаудың диагностикалық критерийлерін нақтылауды талап етеді. Қазіргі заманғы дерматология көп сатылы диагностикалық алгоритмге сүйенеді, оның ішінде пациенттің субъективті сезімдері, анамнезді мұқият жинау, бөртпелерді морфологиялық бағалау, цитологиялық зерттеу, биопсия, гистологиялық зерттеу және иммунологиялық зерттеулер.

**Түйінді сөздер:** көпіршік, нағыз көпіршік, герпетиформды Дюринг дерматиті, Лайелл синдромы, диагностикалық критерийлер.

**D.D. Dubcheva<sup>1\*</sup>, M.B. Turlybek<sup>1</sup>, U.T. Beisebayeva<sup>1</sup>, A.B. Khabizhanov<sup>1</sup>,  
A.A. Taubayeva<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>The Non-Profit Joint Stock Company "Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov", Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>RSE on REM "Kazakh Scientific Center of Dermatology and Infectious Diseases", Almaty, Kazakhstan

*\*For correspondence: D.D. Dubcheva - The Non-Profit Joint Stock Company "Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov", Almaty, Kazakhstan, e-mail: dianadd99@mail.ru*

**Conflict of interest:** The authors declare that they have no conflict of interest

**Author contribution:** All authors contributed equally to the conception, execution, processing of the results and writing of the article. This material has not been previously published and is not under consideration by other publishers

**Funding:** none

## DIAGNOSTIC CRITERIA FOR BULLOUS DERMATOSIS: LITERATURE REVIEW

### Annotation

This article presents the key diagnostic criteria for dermatoses manifested by the same primary morphological element - the blister. The main etiological factors, clinical manifestations, and modern approaches to diagnosis and treatment are considered, taking into account international and national recommendations. Clinical examples and references to current literature are provided.

The presence of only one morphological element, which is a key sign of dozens of dermatoses, inevitably triggers a differential diagnosis algorithm. When conducting it, a set of clinical and laboratory signs should be taken into account to determine the level of localization of the blister, the nature of the inflammatory reaction, the involvement of mucous membranes, and the peculiarities of the course of the disease. This is necessary because, despite the similarity of clinical manifestations, these diseases have different pathogeneses, which requires clarification of diagnostic criteria for prescribing pathogenetic therapy. Modern dermatology relies on a multi-stage diagnostic algorithm, including the patient's subjective sensations, careful history taking, morphological assessment of rashes, cytological examination, biopsy followed by histological examination, and immunological tests.

**Keywords:** blister, pemphigus, dermatitis herpetiformis, Lyell's syndrome, diagnostic criteria.

### Сведения о соавторах:

Турлыбек Мадияр Берикұлы, резидент 2 курса кафедры дерматовенерологии НАО «Казахский Национальный Медицинский Университет им. С.Д. Асфендиярова», г. Алматы, Казахстан, e-mail: [madi\\_kz\\_007@bk.ru](mailto:madi_kz_007@bk.ru)

Бейсебаева Улжан Турсункуловна, к.м.н., доцент, ассоциированный профессор кафедры дерматовенерологии НАО «Казахский Национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова», г. Алматы, Казахстан, e-mail: [ulzhan\\_2007@mail.ru](mailto:ulzhan_2007@mail.ru)

Хабижанов Аскар Болатович, к.м.н., доцент, зав. кафедрой дерматовенерологии НАО «Казахский Национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова», г. Алматы, Казахстан, e-mail: [habizhanov.a@kaznmu.kz](mailto:habizhanov.a@kaznmu.kz)

Таубаева Айнур Абимуллаевна, заведующая отделением стационара РГП на ПХВ «Казахский научный центр дерматологии и инфекционных заболеваний», г. Алматы, Казахстан, e-mail: [taubaeva1975@mail.ru](mailto:taubaeva1975@mail.ru)

Дата поступления материала в редакцию: 10.11.2025

Дата рецензирования: 02.12.2025

Принято к публикации: 17.12.2025

Л.К. Сағидолдина<sup>1\*</sup>, Л.К. Амрина<sup>1</sup>, А.А. Толыбекова<sup>1</sup>, А.Н. Аринова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>«Қазақстан-Ресей Медициналық Университеті» МЕББМ, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>"С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті"

Коммерциялық емес Акционерлік Қоғамы, Алматы қ., Қазақстан

*\*Хат алысатын автор: Л.К. Сағидолдина – Қазақстан-Ресей Медициналық Университеті» МЕББМ, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: sagidoldina\_lk@mail.ru*

*Мүдделер қақтығысы: Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді*

*Авторлардың үлесі: Барлық авторлар осы мақаланы жазуға тең дәрежеде қатысты. Бұл материал басқа басылымдарда жариялану үшін бұрын мәлімделмеген және басқа басылымдардың қарауына ұсынылмаған*

*Қаржыландыру: көрсетілмеген*

## ДЮРИНГТІҢ ҰШЫҚ ТӘРІЗДІ ДЕРМАТИТІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ДИАГНОСТИКАСЫ

### Аннотация

Мақалада Дюрингтің ұшық тәрізді дерматитінің (*Dermatitis herpetiformis Duhring*) клиникалық көріністері мен оның басқа ұқсас тері ауруларынан дифференциалды диагностикасы қарастырылған. Аурудың патогенезінде глютенге сезімталдық пен IgA-тәуелді иммундық реакцияның рөлі талданады. Дюринг дерматозын буллезді пемфигOID, вульгарлы пемфигус, іріндікті псориаз, көп түрлі жалқықты эритема және қарапайым ұшықтан ажыратудағы негізгі клиникалық және иммунопатологиялық белгілер көрсетілген.

**Түйінді сөздер:** Дюрингтің ұшық тәрізді дерматиті, салыстырмалы диагностика, глютенге сезімталдық, иммундық реакция.

Дюрингтің ұшық тәрізді дерматиті - сирек кездесетін, созылмалы, аутоиммунды тері ауруы. Ол алғаш рет 1884 жылы американдық дерматолог Л. Дюринг сипаттаған [1-5]. Аурудың клиникалық көрінісі полиморфты бөртпелермен (түйіншек, көпіршік, көпіршікше, күлдіреуік), қатты қышумен және бөртпелердің симметриялы орналасуымен сипатталады. Дюринг дерматозы (Дюрингтің ұшық тәрізді дерматиті) глютенге сезімтал энтеропатиямен (целиакиямен) тығыз байланысты, сондықтан ол кейде целиакияның терілік көрінісі ретінде қарастырылады [6].

Аурудың дамуы глютенге иммундық реакциямен байланысты. Глютен құрамындағы глиадин фрагменттері асқазан-ішек жолында IgA типті антиденелердің түзілуін белсендіреді. Бұл антиденелер эпидермалді транслугтаминазамен және дермалді транслугтаминазамен кешен түзіп, олардың дермалді бүртіктерде жиналуына әкеледі. Иммунды кешендер нейтрофильдерді тартып, протеолитикалық ферменттер бөлінеді - нәтижесінде эпидермис астында көпіршіктер түзіледі.

Иммунды флуоресценция зерттеуінде дермалді бүртіктерде IgA анықталады - бұл диагноз қоюдағы негізгі критерий болып табылады [1-5].

Дюринг дерматозы қатты қышу, күйдіру сезімі және топтасқан бөртпелермен көрінеді. Бөртпелер көбінесе: шынтақ, тізе, жауырын, бел, бөксе аймақтарында симметриялы орналасады.

Аурудың басталуы әдетте біртіндеп дамып, бірнеше аптадан және айдан аса жалғасады. Ауру тез арада созылмалы түрге айналады, 3 айдан 1 жылға дейін және одан да ұзаққа созылатын ремиссия кезеңдерімен үзіліп отырады. Терідегі бөртпелердің алдында жалпы әлсіздік, аздап дене қызуының көтерілуі, шаншу сезімі және жиі жағдайда қышыну байқалуы мүмкін. Бөртпенің шынайы полиморфизмі тән, ол эритематозды дақтардың, күлдіреуік тәрізді эфлоресценциялардың, түйіншектер, көпіршіктер мен көпіршекшелердің қатар пайда болуымен сипатталады. Шынайы полиморфизм жалған полиморфизммен толықтырылады. Эритематозды дақтар әдетте шағын, дөңгелек пішінді және айқын шекаралы болады. Олардың тегіс беті эксориация салдарынан жиі сызықты сыдырылулармен жабылып, серозды және геморрагиялық қабықтармен қапталады. Эритематозды дақтар өтпелі сипатта болады: кеңейген тамырлардан сұйықтықтың шығуына байланысты олар күлдіреуік тәрізді түзілістерге айналып, перифериялық өсуге және бір-бірімен қосылып, қызғылт-көгілдір түсті, дөңгелек, көбінесе фестонды иректелген немесе ерекше пішінді, айқын шекаралы кең ошақтар түзуге бейім келеді. Көпіршік, көпіршікшелердің ішіндегі сұйықтық кепкенде, олардың орнында қабықтар түзіледі, ал олар жарылған жағдайда, көбінесе эксориацияның әсерінен, эрозиялар пайда болады [7-8].

Дюрингтің ұшық тәрізді дерматитінің клиникалық көріністері көптеген басқа тері ауруларына ұқсас болғандықтан, оның салыстырмалы (дифференциалды) диагностикасын жүргізу - дерматологиядағы өзекті мәселе болып табылады.

Дюрингтің ұшық тәрізді дерматитінің келесі ауру түрлерімен салыстырмалы диагностикасы: іріңдікті псориаз, буллезді пемфигойд, пемфигус, қарапайым ұшық, көптүрлі жалқықты эритема [9].

Іріңдікті псориаздың Дюрингтің ұшық тәрізді дерматитінен айырмашылығы

Іріңдікті (пустулезді) псориаз және Дюрингтің ұшық тәрізді дерматиті - патогенезі мен клиникалық көріністері әртүрлі, бірақ кейбір сыртқы белгілеріне байланысты өзара шатастырылуы мүмкін екі дерматоз түрі. Екі ауру да созылмалы, қайталанбалы ағыммен өтеді және аутоиммундық механизмдерге негізделген. Алайда олардың этиологиялық факторлары, патоморфологиялық ерекшеліктері мен емдеу тәсілдері айқын айырмашылықтарға ие.

Іріңдікті псориаз - классикалық псориаздың ауыр түрі болып табылады және оның дамуында тұқым қуалайтын бейімділік, иммундық жүйенің дисфункциясы, нейроэндокриндік және метаболикалық бұзылыстар негізгі рөл атқарады. Ауру кезінде Т-лимфоциттердің шамадан тыс белсенуі нәтижесінде кератиноциттердің пролиферациясы күшейеді, қабыну медиаторлары бөлініп, эпидермис ішінде стерильді іріңдіктер (пустулалар) түзіледі [9].

Дюринг дерматозы - глютенге төзбеушілікпен байланысты IgA-тәуелді аутоиммундық ауру. Оның патогенезінде ішек қабырғасында түзілетін антиглиадиндік антиденелер мен тері капиллярларында жиналатын иммундық кешендердің (IgA) рөлі ерекше. Бұл кешендер дерманың емізкішелер аймағында нейтрофилдердің шоғырлануын және көпіршіктердің пайда болуын тудырады [9].

Іріңдікті псориаз көбіне жедел басталып, қызба, жалпы әлсіздік және интоксикация белгілерімен қатар жүреді. Терідегі негізгі элемент – стерилді іріңдік (пустула), ол гиперемияланған инфильтрациялы негізде орналасады. Пустулалар бірігіп, іріңді ошақтар мен “іріңді көлдер” түзуі мүмкін. Аурудың генерализацияланған түрінде тері зақымдануы кең жайылып, науқастың жалпы жағдайы айтарлықтай нашарлайды.

Дюринг дерматозында терідегі бөртпелердің морфологиясы полиморфты: түйіншектер, көпіршіктер мен көпіршекшелердің және кейде пустула түрінде болуы мүмкін. Элементтер әдетте герпетиформды, яғни топтасқан түрде, симметриялы орналасады. Көбінесе шынтақ,

тізе, жауырын, бөксе аймақтары зақымдалады. Қышыну және күйдіру сезімі айқын байқалады, бұл ауруға тән диагностикалық белгі болып саналады.

Іріңдікті псориаздың гистологиялық көрінісінде эпидермис ішінде Когой микропустулалары, айқын акантоз, гиперкератоз және паракератоз анықталады. Қабыну инфильтраты негізінен нейтрофилдер мен Т-лимфоциттерден тұрады.

Дюринг дерматозында микроскопиялық зерттеу нәтижесінде дерманың емізікшелерінде нейтрофилдер мен эозинофилдердің шоғырлануы, эпидермис астында көпіршік түзілуі байқалады. Иммунофлуоресценттік әдіспен зерттегенде базалды мембрана бойында және дерманың емізікшелер аймағында *IgA* иммуноглобулиндерінің түзілімдері анықталады. Бұл көрсеткіш аурудың диагностикалық “алтын стандарты” болып табылады.

Іріңдікті псориаздың диагностикасы клиникалық көрініске және биопсия деректеріне негізделеді. Иммунологиялық зерттеулерде арнайы антиденелер анықталмайды.

Дюринг дерматозын диагностикалауда Ядассон сынаамасы (йод сынаамасы) маңызды рөл атқарады: теріге йод ерітіндісі жағылған жерде жаңа бөртпе пайда болуы сынаманың оң екенін көрсетеді. Сонымен қатар, иммунофлуоресценция арқылы *IgA* түзілімдерінің болуы диагнозды нақтылайды [9].

Буллезді пемфигойдтың Дюринг дерматозымен салыстырмалы диагностикасы: Буллезді пемфигойд және Дюрингтің герпетиформды дерматозы – иммундық жүйенің бұзылуы нәтижесінде дамидын аутоиммундық буллезді дерматоздар тобына жатады. Бұл екі ауру клиникалық тұрғыдан ұқсас – екеуінде де көпіршікті (буллезді) элементтер байқалады, созылмалы, қайталанбалы ағыммен өтеді және егде жаста жиі кездеседі. Алайда олардың патогенездік механизмдері, гистологиялық көрінісі мен иммунологиялық ерекшеліктері едәуір айырмашылыққа ие. Сондықтан бұл дерматоздарды ажырата білу дәл диагноз қою мен тиімді ем тағайындауда шешуші мәнге ие [9].

Буллезді пемфигойд - терінің базалды мембранасына қарсы бағытталған аутоантиденелердің түзілуімен сипатталатын аутоиммундық ауру. Негізгі антигендер - BP180 (*BPAG2*, коллаген XVII) және BP230 (*BPAG1*), олар гемидесмосомалардың құрамына кіреді. Бұл антиденелер базальды мембрананың бұзылуына және субэпидермалды көпіршіктердің түзілуіне әкеледі.

Дюринг дерматозы - глютенге төзбеушілікпен және ішектегі энтеропатиямен тығыз байланысты *IgA*-тәуелді аутоиммундық дерматоз. Патогенезінде глиадинге қарсы антиденелердің тері капиллярларында жиналуы және дерманың емізікшелер аймағында *IgA* иммундық кешендерінің тұнуы шешуші рөл атқарады. Бұл процесс нейтрофильдік қабыну реакциясын тудырып, көпіршіктердің түзілуіне себеп болады.

Буллезді пемфигойд көбіне егде жастағы адамдарда дамиды және жедел немесе созылмалы ағыммен өтеді. Теріде кернеулі, ірі, сұйықтыққа толы көпіршіктер пайда болады. Олар көбінесе эритематозды немесе қалыпты тері негізінде орналасады. Көпіршіктер жарылған соң эрозиялар пайда болып, тез эпителизацияланады. Қышыну бар, бірақ айқын емес. Көпіршіктердің орнында пигментация қалуы мүмкін [9].

Дюринг дерматозы көбіне орта жаста байқалады және терінің шынтак, тізе, жауырын, бөксе аймақтарында симметриялы, герпетиформды топтасқан бөртпелермен сипатталады. Бастапқы элементтер - түйіншектер, көпіршіктер мен көпіршекшелер; олар қатты қышып, күйдіру сезімін тудырады. Аурудың өршуі йодты тағам немесе дәрі қолданумен күшеюі мүмкін.

Буллезді пемфигойдта гистологиялық зерттеу кезінде субэпидермальды көпіршіктер және олардың айналасында эозинофильдерге бай қабыну инфильтраты анықталады. Иммунофлуоресценттік зерттеу базальды мембрана бойында *IgG* және C3 сызықты түзілімдерін көрсетеді - бұл аурудың басты диагностикалық белгісі.

Дюринг дерматозының гистологиясында да субэпидермальды көпіршік анықталады, бірақ оның ерекшелігі-дерманың емізікшелерінде нейтрофильдер мен эозинофильдердің топталуы. Иммунофлуоресценттік зерттеуде базальды мембрана мен емізікшелер аймағында

гранулярлы типтегі *IgA* түзілімдері байқалады. Бұл айырмашылық екі ауруды нақты ажыратуға мүмкіндік береді.

Дюринг дерматозының пемфигуспен салыстырмалы диагностикасы: Дюрингтің герпетиформды дерматозы және пемфигус - екі түрлі аутоиммундық бөртпелі тері аурулары. Олардың екеуі де көпіршікті элементтер түзілуімен сипатталады, бірақ патогенезі, клиникалық ағымы мен иммунологиялық белгілері мүлдем өзгеше. Дюринг дерматозы көбіне глютенге төзбеушілікпен байланысты *IgA*-тәуелді реакция болса, пемфигус - десмосомалық құрылымдарға қарсы *IgG* антиденелердің түзілуінен туындайтын ауыр акантолитикалық процесс. Осы екі аурудың салыстырмалы диагностикасы дұрыс диагноз қоюда шешуші маңызға ие [9].

Дюринг дерматозы-глютенге төзбеушілікке негізделген аутоиммундық дерматоз. Ауру кезінде ішектегі глиадинге қарсы антиденелер түзіліп, олар терінің капиллярларында жинақталады. Иммундық кешендердің (*IgA*) шөгуі нәтижесінде дерманың емізікшелер аймағында нейтрофильдер мен эозинофилдер жиналып, көпіршіктер түзіледі. Йод әсері бұл процесті күшейтіп, аурудың өршуіне ықпал етеді.

Пемфигус (вуглярлы түрі) - эпидермис жасушаларының арасындағы байланысқа жауапты десмосомалық ақуыздарға (десмоглеин-1 және -3) қарсы бағытталған *IgG* аутоантиденелердің әсерінен дамиды. Нәтижесінде акантолиз - эпидермис жасушаларының ажырауы туындайды. Бұл құбылыс көпіршіктің эпидермис ішінде, яғни интраэпидермалды деңгейде түзілуіне себеп болады [9].

Дюринг дерматозының басты ерекшелігі - бөртпенің герпетиформды, яғни топтасқан түрде орналасуы. Теріде түйіншектер, көпіршіктер мен көпіршекшелер пайда болады. Олар симметриялы орналасады, көбінесе шынтақ, тізе, жауырын, бөксе аймақтарында кездеседі. Қышыну мен күйдіру сезімі өте айқын. Бөртпелердің орнында эрозиялар мен қыртыстар түзіледі. Кілегей қабаттар сирек зақымдалады.

Пемфигус клиникалық тұрғыдан жұқа қабырғалы, тез жарылатын көпіршіктердің түзілуімен сипатталады. Көпіршіктер тері мен кілегей қабаттарда пайда болады. Ерте кезеңде ауыз қуысының эрозиялары жиі бірінші белгі болып табылады. Көпіршік жарылғаннан кейін ауыратын, баяу жазылатын эрозиялар қалады. Ауруға тән - Никольский симптомы (теріге жанама қысым түсіргенде эпидермис сыдырылып кетеді) және Асбо-Хансен белгісі (көпіршіктің шетін басқанда сұйықтық тарап, көлемі үлкейеді) [9].

Дюринг дерматозын диагностикалауда шешуші рөл атқаратын зерттеу - тікелей иммунофлуоресценция. Бұл әдіс арқылы дерманың емізікшелерінде гранулярлы типтегі *IgA* түзілімдері анықталады. Сонымен қатар, Ядассонның йод сынаması оң нәтиже береді - йод жағылған аймақта жаңа бөртпе пайда болады.

Пемфигус диагнозы клиникалық белгілер мен цитологиялық зерттеу арқылы дәлелденеді: жағындыда акантолитикалық (Тцанк) жасушалары анықталады. Иммунофлуоресценцияда эпидермис ішінде *IgG* мен С3 “торлы” үлгіде орналасады. Бұл екі белгі аурудың нақтылығын дәлелдейді.

Дюринг дерматозының қарапайым ұшықпен (*Herpes simplex*) салыстырмалы диагностикасы

Дюрингтің герпетиформды дерматозы және қарапайым ұшық (*Herpes simplex*) - клиникалық тұрғыдан ұқсас бөртпелі элементтермен сипатталатын, бірақ этиологиясы мен патогенезі түбегейлі айырмашылықтары бар екі түрлі ауру. Екі жағдайда да көпіршікті (везикулезді) бөртпелер пайда болады, сондықтан алғашқы көріністерінде бір-бірімен шатастырылуы мүмкін. Дәл диагноз қою үшін клиникалық, гистологиялық және иммунологиялық ерекшеліктеріне сүйеніп салыстырмалы талдау жүргізу қажет [9].

Дюринг дерматозы-созылмалы аутоиммундық тері ауруы. Оның патогенезінің негізінде глютенге төзбеушілік жатыр. Науқастардың организмінде глиадинге қарсы *IgA* антиденелер түзіліп, олар дерманың емізікшелерінде жинақталып, иммундық қабыну реакциясын

туындатады. Бұл процесс нейтрофильдердің жиналуына, кейін субэпидермальды көпіршіктердің түзілуіне алып келеді. Йод препараттары аурудың өршуін күшейтеді.

Қарапайым ұшық (*Herpes simplex*) - ДНҚ-құрамды *Herpes simplex* вирусының (*HSV-1* және *HSV-2*) әсерінен дамитын жұқпалы ауру. Вирус тері мен шырышты қабаттағы эпителиоциттерге еніп, жасушаішілік көбейеді. Жасуша деструкциясы нәтижесінде ұсақ везикулалар пайда болады. Аурудың қайталануына организмнің иммундық әлсіреуі, сесс, қызу, суық тию сияқты факторлар әсер етеді [9].

Дюринг дерматозында бөртпе элементтері герпетиформды (топтасқан) түрде орналасады, симметриялы сипатта. Бөртпелер қышиды, күйдіреді. Көбіне шынтақ, тізе, жауырын, бөксе аймақтарында байқалады. Көпіршіктер жарылған соң, эрозиялар мен қыртыстар қалады. Кілегей қабат сирек зақымданады. Ауру созылмалы, толқынды ағыммен өтеді.

Қарапайым ұшықта (*Herpes simplex*) Бөртпелер көбіне еріннің қызыл жиегінде, мұрын айналасында, кейде жыныс аймағында пайда болады. Бірнеше күн бұрын күйдіру, ашыту, шаншу сезімі байқалады. Ұсақ, мөлдір сұйықтыққа толы везикулалар шоғырланып түзіледі. Көпіршікшелер жарылып, ұсақ эрозиялар мен қабықтар қалады. Қайталануға бейім, жиі стресс немесе инфекциялық факторлардан кейін өршиді. Ауру вирустық сипатта болғандықтан, жұқпалы [9].

Дюринг дерматозында шешуші рөлді тікелей иммунофлуоресценттік зерттеу атқарады. Бұл әдіс арқылы дерманың емізікшелерінде *IgA* түзілімдері анықталады. Сонымен қатар, Ядассонның йод сынаамасы оң нәтиже береді – йод жағылған жерлерде жаңа бөртпе пайда болады.

Қарапайым ұшықта вирусологиялық және молекулалық әдістер (ПТР, вирус изоляциясы) қолданылады. Цитологиялық зерттеу кезінде көпядролы алып жасушалар мен вирусқа тән цитопатиялық өзгерістер көрінеді.

Көптүрлі жалқықты эритема мен Дюринг дерматозының салыстырмалы диагностикасы.

Көптүрлі жалқықты эритема (КЖЭ) және Дюринг дерматозы - екеуі де бөртпелі, көптүрлі элементтермен өтетін дерматологиялық аурулар. Клиникалық тұрғыдан бұл екі ауру кейде ұқсас көрініс беруі мүмкін: екеуінде де көпіршіктер, эритемалы дақтар, түйіншектер және эрозиялар кездеседі. Алайда, олардың этиологиясы, патогенезі, клиникалық ағымы мен иммунологиялық ерекшеліктері мүлдем өзгеше. Сондықтан салыстырмалы диагностика жүргізу - дұрыс диагноз қою мен тиімді ем тактикасын таңдауда шешуші маңызға ие [9].

Дюринг дерматозы - созылмалы аутоиммундық ауру. Негізгі патогенетикалық фактор - глютенге (дән ақуызына) төзбеушілік. Глиадинге қарсы түзілген *IgA* антиденелер дерманың емізікшелерінде жинақталып, жергілікті иммундық қабыну реакциясын туындатады. Нәтижесінде нейтрофильдер мен эозинофильдер жиналып, субэпидермальды көпіршіктер түзіледі.

Көптүрлі жалқықты эритема (*erythema multiforme exsudativum*) - көбіне инфекциялық немесе дәрілік аллергиялық реакцияның нәтижесінде дамитын жедел тері және кілегей қабатының зақымдалуы. Көп жағдайда аурудың қоздырғышы - *Herpes simplex* вирусы, сирек жағдайда микоплазма немесе дәрілік аллергиялар. Патогенезінің негізінде – иммундық кешендердің тамыр эндотелийінде шөгуді, нәтижесінде васкулит пен эпидермис некрозы дамиды [9].

Дюринг дерматозында бөртпелер симметриялы орналасады. Көпіршіктер, түйіншектер, дақтар мен эрозиялар қатар кездеседі. Элементтер топтасып, «герпетиформды» орналасу береді. Қышыну, күйдіру, ашыту сезімі айқын. Негізінен шынтақ, тізе, жауырын, бөксе аймақтарында байқалады. Кілегей қабат сирек зақымданады. Ауру созылмалы, толқынды (ремиссия және өршу) ағыммен өтеді.

Көптүрлі жалқықты эритемада ауру жедел басталады, жиі инфекциядан немесе дәріден кейін. Бөртпелер кенеттен пайда болып, дененің, аяқ-қолдың, бет пен еріннің терісінде орналасады. Негізгі элемент - «көз нысанасы» (мишень түріндегі) папула: ортасында көкшіл-

күлгін дақ, айналасында қызыл жиек болады. Ауыз және басқа кілегей қабаттар жиі зақымданады [9]. Ауыр түрінде (Стивенс–Джонсон синдромы) көпіршіктер, эрозиялар, дене қызуы, жалпы интоксикация байқалады. Аурудың ұзақтығы 2–4 апта, толық жазылумен аяқталады, бірақ қайталануы мүмкін.

#### **Қорытынды**

Дюрингтің ұшық тәрізді дерматиті - клиникалық көрінісі бойынша көптеген дерматоздарға ұқсайтын күрделі ауру. Дифференциалды диагностикада анамнездік деректер, морфологиялық элементтердің сипаты, симметриялылық, иммунологиялық зерттеулер нәтижелері шешуші рөл атқарады. Ең маңыздысы - тікелей иммунофлуоресценция әдісінде IgA түйіршіктерінің дермопепиллярлы аймақта анықталуы болып табылады.

#### **Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:**

1. Reunala T. Dermatitis herpetiformis: An update on diagnosis and treatment. *Am J Clin Dermatol.* 2021; (review). (SpringerLink) *American Journal of Clinical Dermatology.* 2021;22:3:329-338.

2. Nguyen CN, et al. Dermatitis Herpetiformis: An Update on Diagnosis, Disease Associations and Management. *Medicina (Kaunas).* 2021;57(8):843.

3. Antiga E, Maglie R, Quintarelli L, et al. Dermatitis Herpetiformis: Novel Perspectives. *Front Immunol.* 2019;10:1290.

4. Mendes FB, et al. Review: Dermatitis herpetiformis. *An Bras Dermatol / Review article.* 2013;88:4:594-599.

5. Barnadas MA, et al. Dermatitis Herpetiformis: A Review of Direct Immunofluorescence Findings. *Am J Dermatopathol.* 2016;38:4:283-288.

6. Карякина Л.А., Кукушкина К.С. Кожные маркеры целиакии. *Медицина: теория и практика.* 2019;4(1):114-119.

Karyakina L.A., Kukushkina K.S. Kozhnye markery celiakii. *Medicina: teoriya i praktika.* 2019;4(1):114-119.

7. Дерматит герпетиформный: Клинические рекомендации. Общероссийская общественная организация: Российское общество дерматовенерологов и косметологов.-2020.

Dermatit gerpetiformnyj: Klinicheskie rekomendacii. *Obshcherossijskaya obshchestvennaya organizaciya: Rossijskoe obshchestvo dermatovenerologov i kosmetologov.-2020.*

8. Климов Л.Я., Курьянинова В.А., Дмитриева Ю.А., Миронова Я.Д., Ягупова А.В., Долбня С.В., Стоян М.В., Кашникова С.Н., Ивенская Т.А., Черкасова Е.А. Герпетиформный дерматит Дюринга как одна из форм глютен-ассоциированной патологии: обзор литературы и описание клинического случая // *Медицинский Совет.* 2022;(1):301-311.

Klimov L.Ya., Kur'yaninova V.A., Dmitrieva Yu.A., Mironova Ya.D., Yagupova A.V., Dolbnya S.V., Stoyan M.V., Kashnikova S.N., Ivenskaya T.A., Cherkasova E.A. Gerpetiformnyj dermatit Dyuringa kak odna iz form glyuten-associirovannoj patologii: obzor literatury i opisaniye klinicheskogo sluchaya // *Medicinskij Sovet.* 2022;(1):301-311.

9. Беренбейн Б.А., Студницин А.А. Дифференциальная диагностика кожных болезней: Руководство для врачей. 2 М: Медицина 1989;671.

Berenbejn B.A., Studnicin A.A. Differencial'naya diagnostika kozhnyh boleznej: *Rukovodstvo dlya vrachej.* 2 М: Medicina 1989;671.

Л.К. Сагидолдина<sup>1\*</sup>, Л.К. Амрина<sup>1</sup>, А.А. Толыбекова<sup>1</sup>, А.Н. Аринова<sup>2</sup>  
<sup>1</sup>НУО «Казахстанско-Российский Медицинский Университет», г. Алматы, Казахстан  
<sup>2</sup> НАО "Казахский Национальный Медицинский Университет  
им. С.Д. Асфендиярова", г. Алматы, Казахстан

*\*Автор для корреспонденции: Л.К. Сагидолдина - <sup>1</sup>НУО «Казахстанско-Российский Медицинский Университет», Алматы, Казахстан, e-mail: sagidoldina\_lk@mail.ru*

**Конфликт интересов:** авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов

**Вклад авторов:** все авторы внесли равноценный вклад в разработку концепции, проведение обзора источников и написание статьи. Авторы заявляют, что данный материал ранее не публиковался и не находится на рассмотрении в других издательствах

**Финансирование:** отсутствует

## СРАВНИТЕЛЬНАЯ ДИАГНОСТИКА ГЕРПЕТИЧЕСКОГО ДЕРМАТИТА ДЮРИНГА

### Аннотация

В статье рассматриваются клинические проявления герпетиформного дерматита Дюринга (*Dermatitis herpetiformis Duhring*) и его дифференциальная диагностика с другими сходными кожными заболеваниями. Анализируется роль чувствительности к глютену и IgA-зависимой иммунной реакции в патогенезе заболевания. Приведены основные клинические и иммунопатологические признаки, позволяющие отличить дерматоз Дюринга от буллёзного пемфигоида, вульгарной пузырчатки, пустулёзного псориаза, многоформной экссудативной эритемы и простого герпеса.

**Ключевые слова:** герпетиформный дерматит Дюринга, сравнительная диагностика, чувствительность к глютену, иммунный ответ.

L.K. Sagidoldina<sup>1\*</sup>, L.K. Amrina<sup>1</sup>, A.A. Tolybekova<sup>1</sup>, A.N. Arinova<sup>2</sup>  
<sup>1</sup>NGEI "Kazakh-Russian Medical University", Almaty, Kazakhstan  
<sup>2</sup>The Non-Profit Joint Stock Company "Kazakh National Medical University  
named after S.D. Asfendiyarov", Almaty, Kazakhstan

*\*For correspondence: L.K. Sagidoldina - NGEI "Kazakh-Russian Medical University", Almaty, Kazakhstan, e-mail: sagidoldina\_lk@mail.ru*

**Conflict of interest:** The author declares that there is no conflict of interest.

**Author contribution:** All authors contributed equally to the conception, execution, processing of the results and writing of the article. This material has not been previously published and is not under consideration by other publishers

**Funding:** none

## COMPARATIVE DIAGNOSIS OF HERPES DUHRING'S DERMATITIS

### Annotation

The article discusses the clinical manifestations of herpetiform dermatitis Duhring (*Dermatitis herpetiformis Duhring*) and its differential diagnosis with other similar skin diseases. The role of

gluten sensitivity and IgA-dependent immune response in the pathogenesis of the disease is analyzed. The main clinical and immunopathological signs that make it possible to distinguish Duhring's dermatosis from bullous pemphigoid, vulgar pemphigus, pustular psoriasis, erythema multiforme and herpes simplex are presented.

**Key words:** Duhring's dermatitis herpetiformis, comparative diagnosis, gluten sensitivity, immune response.

**Сведения о соавторах:**

*Амрина Лейла Казиевна, старший преподаватель кафедры дерматовенерологии с курсом фтизиатрии НУО «Казахстанской-Российский Медицинский Университет», e-mail: leila.kkk@mail.ru*

*Толыбекова Алима Алмасовна, зав. кафедрой дерматовенерологии с курсом фтизиатрии НУО «Казахстанской-Российский Медицинский Университет», к.м.н., доцент, e-mail: alimatol@mail.ru*

*Аринова Асель Нуртаевна, ассистент кафедры дерматовенерологии НАО "Казахский Национальный Медицинский Университет им. С.Д. Асфендиярова", e-mail: arinova.assel@mail.ru*

Дата поступления материала в редакцию: 10.11.2025

Дата рецензирования: 09.12.2025

Принято к публикации: 17.12.2025

МРНТИ: 76.29.55-76.29.57

УДК: 611.31:611.314-616.529.1

DOI: 10.61075/kncdiz-2707-3696.2025.94.4.003

**С.К. Оспанов<sup>1\*</sup>, Н.В. Шаковец<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ТОО «Казахстанский медицинский университет» "ВШОЗ",  
г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Белорусский государственный медицинский университет, г. Минск, Белоруссия

*\*Автор для корреспонденции: С.К. Оспанов – ТОО «Казахстанский медицинский университет» "ВШОЗ", г. Алматы, Казахстан, e-mail: sultan\_ospan\_97@mail.ru*

**Конфликт интересов:** Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов

**Вклад авторов:** Автор заявляет, что данный материал ранее не публиковался и не находится на рассмотрении в других издательствах

**Финансирование:** отсутствует

## НАСЛЕДСТВЕННЫЕ ГЕНОДЕРМАТОЗЫ И МОЛЯРНО-РЕЗЦОВАЯ ГИПОМИНЕРАЛИЗАЦИЯ: ОБЗОР ЛИТЕРАТУРЫ

### Аннотация

В статье представлен обзор наследственных генодерматозов и молярно-резцовой гипоминерализации, сопровождающихся нарушениями структуры эмали зубов. Особое внимание уделено патогенезу, генетическим механизмам, клиническим проявлениям в

полости рта и дифференциальной диагностике молярно-резцовой гипоминерализации и амелогенеза несовершенного. Описаны стоматологические проявления буллёзного эпидермолиза, ихтиозов, эктодермальных дисплазий и других синдромальных состояний. Подчёркнута важность раннего выявления наследственной природы дефектов эмали для выбора оптимальной тактики ведения пациентов и междисциплинарного подхода.

**Ключевые слова:** молярно-резцовая гипоминерализация, амелогенез несовершенный, генодерматозы, буллёзный эпидермолиз, ихтиоз, эктодермальная дисплазия, дефекты эмали.

Молярно-резцовая гипоминерализация (МРГ, англ. *Molar-Incisor Hypomineralization, MIH*) - это нарушение развития эмали зубов, при котором один или несколько первых постоянных моляров, а часто и резцы, имеют участки пониженной минерализации. Эмаль при МРГ нормальной толщины, но «меловая», пористая, с пятнами от белого до жёлто-коричневого цвета, склонна к постэрозивному сколу. Распространённость МРГ в популяции составляет в среднем около 13,5% детей (в разных регионах показатель варьирует от 2-3% до 40%) [1]. Этиология МРГ считается мультифакторной: предполагается влияние неблагоприятных пре- и перинатальных факторов, частых заболеваний и лихорадок в раннем детстве, нарушений питания и окружающей среды. Генетических мутаций, напрямую вызывающих МРГ, на сегодняшний день не выявлено; МРГ рассматривается как результат системного воздействия на созревающую эмаль в критический период развития первых моляров и резцов. Тем не менее, проблема МРГ актуальна ввиду высокой частоты, сложности лечения (зубы с гипоминерализованной эмалью очень чувствительны и легко разрушаются) и влияния на качество жизни детей.

Отдельно существует группа наследственных заболеваний, известных как генодерматозы - врождённые нарушения развития кожи и её придатков (волос, ногтей, зубов и пр.), вызываемые мутациями отдельных генов. Многие генодерматозы носят системный характер и сопровождаются поражением не только кожи, но и слизистых оболочек, а также аномалиями развития зубов, включая нарушения минерализации эмали. Это объясняется общностью эмбрионального происхождения эмали и эпидермиса (оба формируются из эктодермы) [2,3]. В норме для формирования полноценной эмали необходимы скоординированная работа амелобластов и интегритет базальной мембраны зубного зачатка. При мутациях генов, кодирующих белки дермо-эпидермального соединения или кератина, происходит нарушение прикрепления или функции амелобластов, что ведёт к дефектам структуры эмали [4]. У пациентов с генодерматозами могут наблюдаться различные аномалии зубов: гипоплазия эмали (недоразвитие и истончение), гипоминерализация (неполное созревание эмали), а также аномалии формы, размера и числа зубов (например, конусовидная форма, микродонтия, гипо- или олигодонтия) [2,3]. В обзорном исследовании отмечено, что практически при всех типах врождённых ихтиозов описаны те или иные стоматологические отклонения [5]. Наиболее часто встречаются множественный кариес и структурные дефекты зубов (почти у половины пациентов) [5]. Это подчёркивает необходимость уделять особое внимание состоянию полости рта у больных наследственными дерматозами. Ниже рассмотрим наиболее показательные генодерматозы, связанные с нарушениями эмали.

**Буллёзный эпидермолиз (БЭ)** - группа наследственных заболеваний, характеризующихся высокой хрупкостью кожи и слизистых: пузыри и эрозии возникают при минимальной травме. Выделяют несколько форм БЭ: простую, пограничную, дистрофическую и синдром Киндлера. Установлено, что почти 100% пациентов с пограничным БЭ имеют аномалии эмали в виде генерализованной или очаговой гипоплазии. Эмаль может быть крайне тонкой, с бороздками и ямками, или покрытой множественными точечными дефектами [2,5]. Молекулярной основой этого явления являются мутации генов,

кодирующих белки базальной мембраны эпителия – прежде всего компонентов ламинина-332 (гены *LAMA3*, *LAMB3*, *LAMC2*) и коллагена XVII (*COL17A1*) [6]. Рецессивные мутации этих генов приводят к синдрому с поражением кожи и несформированной эмалью (генерализованной гипоплазией, по сути - синдромальной форме амелогенеза несовершенного). Показателен факт, что гетерозиготные носители некоторых мутаций *LAMA3*, *LAMB3*, *COL17A1* не имеют кожных симптомов, но у них наблюдается локализованный гипопластический дефект эмали, классифицируемый как несиндромный амелогенез несовершенный [4]. Это подчёркивает, что эмалевые ткани более чувствительны к данным генным дефектам, чем кожа.

Клинически зубы при БЭ выглядят желтовато-коричневыми, с шероховатой поверхностью; эмаль местами отсутствует, обнажён дентин [2]. Рентгенологически эмалевый слой очень тонкий или неразличим [2]. Помимо количественного недостатка эмали, отмечаются и качественные нарушения её структуры: например, неправильная организация призм эмали и отклонение кристаллов гидроксиапатита (это выявляли при микроскопическом исследовании) [7]. У таких пациентов резко повышен риск кариеса и патологической стираемости зубов [5,2]. Причины - как сниженная прочность эмали, так и внешние факторы: затруднена гигиена полости рта (из-за болезненности при пузырях и эрозиях во рту), питание мягкой углеводной пищей (вынужденная диета при поражении пищевода и слизистой рта) и сухость полости рта [5]. Для примера, в работе E. Sadler и соавт. (2005) описан пациент с мутацией гена *LAMB3*: у него все постоянные зубы имели выраженную гипоплазию эмали и множественный кариес, требующий особого подхода к лечению [7].

Диагностика буллёзного эпидермолиза обычно устанавливается с рождения (по кожным проявлениям и данным генетического тестирования). Стоматологическая оценка выявляет характерную картину гипоплазии эмали. Дифференцировать эти изменения следует прежде всего с изолированным несовершенным амелогенезом и с флюорозом. В отличие от несиндромного амелогенеза несовершенного, при БЭ всегда присутствуют сопутствующие дерматологические симптомы. От флюороза же эмалевые дефекты при БЭ отличаются неравномерностью, асимметричностью и сочетанием с истончением эмали. В спорных случаях проводится молекулярно-генетический анализ “генов кандидатов” (например, *LAMB3*, *COL17A1* и др.) для подтверждения диагноза [2].

Пациенты с БЭ нуждаются в особой тактике ведения полости рта. Основные задачи - профилактика кариеса и максимальное сохранение зубов, поскольку протезирование и имплантация затруднены. Рекомендуется разработка индивидуальных программ гигиены, обучение мягким методам чистки (использование ультрамягких щёток, щадящих ополаскивателей) [5]. Необходимо диетологическое сопровождение для снижения потребления сахаров, учитывая вынужденный приём мягкой углеводистой пищи [2,5]. Для защиты слабой эмали применяется покрытие уязвимых зубов коронками: по данным J.T. Wright (1993), детям с генерализованной гипоплазией эмали при *JEB* показано как можно более раннее покрытие моляров и резцов коронками из нержавеющей стали во избежание их стираемости и разрушения [5]. Аналогичные подходы используются и при тяжёлых формах МРГ – так, покрытие первых моляров стальными коронками зарекомендовало себя как эффективный способ сохранения зубов при МРГ [8]. У пациентов с БЭ и обширным кариесом нередко приходится проводить санацию полости рта под общей анестезией, учитывая их низкую толерантность к длительным манипуляциям и риск травм слизистой [5]. В случае сильно разрушенных или инфицированных зубов показано их удаление, чтобы устранить хронические очаги инфекции [5].

Таким образом, ведение пациентов с буллёзным эпидермолизом - междисциплинарная задача, требующая участия дерматолога, стоматолога и других специалистов.

**Ихтиоз** - общее название группы наследственных болезней с нарушением кератинизации, проявляющихся диффузным гиперкератозом кожи. Ряд врождённых

ихтиозов сопровождается аномалиями зубов. В обзорном исследовании установлено, что практически при всех типах ихтиоза описаны те или иные стоматологические отклонения [5]. Наиболее часто встречаются множественный кариес и структурные дефекты зубов (почти у 41% пациентов) [5].

Среди форм ихтиоза особое внимание привлекают ламеллярный ихтиоз, характеризующийся генерализованным пластинчатым шелушением кожи с рождения. В полости рта у детей с ламеллярным ихтиозом часто отмечаются дефекты эмали и ранний кариес. В клиническом случае двух братьев (14 и 12 лет) с ламеллярным ихтиозом у обоих выявлены множественные кариозные полости, а также участки обесцвеченной, слабой эмали на молярах [9]. Авторы подчёркивают, что дефекты эмали и кариес – обычные проявления у детей с ламеллярным ихтиозом, что требует раннего начала профилактических мер [9]. Причины эмалевых нарушений до конца не ясны: обсуждается как влияние самой мутации на дифференцировку амелобластов, так и возможное воздействие системных факторов (например, длительная терапия ретиноидами, сопутствующие питательные дефициты или частые инфекции в детстве).

**Синдром *KID* (*keratitis-ichthyosis-deafness*)** - редкий генодерматоз, при котором сочетаются врождённый ихтиоз кожи, кератит (поражение роговицы) и глухота. Описан примечательный случай: у новорождённого с *KID*-синдромом при рождении присутствовали натальные зубы (преждевременно прорезавшиеся резцы) [5]. Хотя такие ранние зубы обычно обусловлены местными факторами, их наличие может указывать на нарушение регуляции развития зубных зачатков при данном синдроме. В последующем у пациентов с *KID* также отмечали дефекты эмали и высокую склонность к кариесу [5].

**Трихотиодистрофия (*TTD*)** - это наследственное заболевание из группы нарушений ДНК-репарации, проявляющееся ихтиозиформной кожей, ломкими «тигровыми» волосами (с пониженным содержанием серы) и умственной отсталостью. Зубы при трихотиодистрофии тоже страдают: эмаль тонкая, гипоплазированная, быстро стирается и поражается кариесом [10]. Согласно данным Национальной организации по редким заболеваниям (*NORD*), у пациентов с *TTD* часто наблюдается недоразвитие зубов, а эмаль настолько слабая, что это приводит к рецидивирующему кариесу [10]. *TTD* можно рассматривать как синдром, затрагивающий все производные эктодермы, включая зубы.

